



Qazaqstan Respublikasy Zańnama
jáne quqqytyq aqparat institútynyń

JARSHYSY

gylymi-quqqytyq jýrnal №1 (68)-2022

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz
сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒССҚК 14.02.2022 ж.
№38 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. - з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
– (төраға)
Абайдідинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Бельх В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Ишекков К.А. – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Ғ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Князова А.Ж. – LL.M (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазинов Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Ғ. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қыргызстан)
Финк Д.А. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**

Беттеуші – **Тасирова А.С.**

Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай-батыр даңғ.,
19, С-блогы, 306-каб., тел: 8(7172)26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы.....7

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.К. СӘРПЕКОВ ЕАЭО мүше мемлекеттерде

әкімшілік юстицияны конституцияландыру
перспективалары 13

Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, А.А. ҚАРАЕВ 2030 жылға
дейінгі Қазақстан Республиканың Құқықтық саясаты
тұжырымдамасын іске асыру жарығында
конституциялық құқықтың дамуының кейбір

мәселелері 22

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

А.Қ. ҚАЛДЫБАЕВ, Г.К. ОСПАНОВА

Корпоративтік келісімді бұзудың салдары 32

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

Р.Қ. СӘРПЕКОВ, С.М. РАХМЕТОВ Қазақстан

Республикасының Қылмыстық кодексінде
жазалау жүйесін құру проблемалары..... 43

А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Айыпталушыны
прокурормен сотқа беру және тараптардың
құзыреттілігі парадигмасындағы оның мәртебесі 51

А.Б. БАЙСҰЛТАНОВ Бас бостандығынан
айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтаруды
саралау мәселелері 58

Р.Қ. ДЖИЕМБАЕВ, Т.С. САЛЖЕБАЕВ Қазақстан

Республикасындағы қоғамдық тәртіпті қорғау
жөніндегі мемлекеттік қызметтің ұйымдастырушылық
және құқықтық аспектілері: мүмкіндіктері мен
перспективалары 66

Э.Қ. ИГИСИНОВА, Ж.Ж. ДАВЛЕТБАЕВА

Парасаттылық идеологиясын ілгерілету арқылы
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
қалыптастыру 76

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану

Ж.З. ЗИЯТОВА, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА

Қылмыстық сотөндүрушілікте зиянды өтеу туралы
шетел мемлекеттерінің заңнамасы
(құқықтық анализ)..... 84

Құқықтық мониторинг

А.Б. ҚАЙЖАҚПАРОВА Қазақстан Республикасының

құқық бұзушылық профилактикасы саласындағы
заңнамасының тиімділігін арттыру туралы мәселеге..... 94

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша заңнаманың мониторингі 103

Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан

Н.А. НҰРБАЕВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі терминологиялық мәселелер..... 110

Жас ғалым мінбері

А.Р. ХАСЕНОВА Пара алудың аяқталу мезеті туралы мәселеге 117

А.Ю. РЫЖАНКОВ (Могилев қ., Беларусь) Шет елдердің заңнамасы бойынша лауазымды тұлғалардың немқұрайлылығының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы..... 127

К.Б. ОЛЖАБАЕВА Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің еңбек туралы заңнамасындағы кейбір кемшіліктер және оларды жою жолдары 138

«Жаршының» архивтегі беттері

Е.Т. БАЙМОЛДИНОВА Н.М. Акимованың «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне құқықтық мониторингінің кейбір мәселелері» атты ғылыми мақаласына қайта оралғанда..... 146



Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ КОКСОН МОН РК №38
от 14.02.2022 г.)

Состав Редакционного совета

Сарпеков Р.К. – к.ю.н., *Заслуженный деятель Казахстана (Нур-Султан, Казахстан) – (председатель)*
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (*Барнаул, Россия*)
Белых В.С. – д.ю.н. (*Екатеринбург, Россия*)
Губин Е.П. – д.ю.н. (*Москва, Россия*)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (*Москва, Россия*)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (*Москва, Россия*)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Унзила Шапак – д.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)

Главный редактор

Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии

Азер Алиев – PhD (*Киль, Германия*)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (*Саратов, Россия*)
Джангарашев Р.М. – LL.M. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Ишеков К.А. – д.ю.н. (*Москва, Россия*)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Каирбаева Л.К. – PhD (*Нур-Султан, Казахстан*)
Киязова А.Ж. – LL.M. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (*Челябинск, Россия*)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (*Усть-Каменогорск, Казахстан*)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (*Бишкек, Кыргызстан*)
Финк Д.А. – к.ю.н. (*Нур-Султан, Казахстан*)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Верстка – **Тасирова А.С.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж, 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок С, каб. 306, тел: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой
информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №1 (68)-2022

Колонка редакции 9

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ Перспективы конституци-
онализации административной юстиции
в государствах-членах ЕАЭС 13
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, А.А. КАРАЕВ Некоторые
вопросы развития конституционного права в свете
реализации Концепции правовой политики
Республики Казахстан до 2030 года 22

Гражданское и гражданско-процессуальное право

А.К. КАЛДЫБАЕВ, Г.К. ОСПАНОВА
Последствия нарушения корпоративного договора 32

Уголовное право и уголовный процесс

Р.К. САРПЕКОВ, С.М. РАХМЕТОВ Проблемы
построения системы наказания в Уголовном
кодексе Республики Казахстан 42
А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Предание
прокурором суду обвиняемого и его статус
в парадигме компетенции сторон 51
А.Б. БАЙСУЛТАНОВ Вопросы квалификации
уклонения от отбывания наказания в виде лишения
свободы 58
Р.К. ДЖИЕМБАЕВ, Т.С. САЛКЕБАЕВ
Организационные и правовые аспекты государ-
ственной деятельности по охране общественного
порядка в Республике Казахстан: возможности
и перспективы 66
Э.К. ИГИСИНОВА, Ж.Ж. ДАВЛЕТБАЕВА
Формирование антикоррупционной культуры путем
продвижения идеологии добропорядочности 76

Международное право и сравнительное правоведение

Ж.З. ЗИЯТОВА, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА
Законодательство зарубежных стран о возмещении
вреда в уголовном судопроизводстве
(правовой анализ) 84

Правовой мониторинг

А.Б. КАЙЖАКПАРОВА К вопросу о повышении
эффективности законодательства Республики
Казахстан в области профилактики правонарушений 94

СОДЕРЖАНИЕ

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Мониторинг законодательства по уголовным правонарушениям в сфере экономической деятельности	103
Из практики законотворчества на государственном языке	
Н.А. НУРБАЕВА Терминологические вопросы в Гражданском кодексе Республики Казахстан.....	110
Трибуна молодого ученого	
А.Р. ХАСЕНОВА К вопросу о моменте окончания получения взятки	117
А.Ю. РЫЖАНКОВ (г. Могилев, Беларусь) Уголовно-правовая характеристика халатности должностных лиц по законодательству зарубежных стран	127
К.Б. ОЛЖАБАЕВА Некоторые дефекты законодательства о труде медицинских и фармацевтических работников и пути их устранения.....	138
Архивные страницы «Вестника»	
Е.Т. БАЙМОЛДИНОВА Возвращаясь к научной публикации Н.М. Акимовой «Некоторые вопросы правового мониторинга Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения»	146



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №1 (68)-2022

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №38 from 14.02.2022)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – *c.j.s.*, Honored Personality of Kazakhstan (Nur-Sultan, Kazakhstan) – (Chairman)
Abayeldinov E.M. – *d.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – *d.j.s.* (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – *d.j.s.* (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – *d.j.s.* (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – *d.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – *d.j.s.* (Moscow, Russian)
Murumcev G.I. – *d.j.s.* (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – *d.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Malinovski V.A. – *d.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Unzila Shapak – *d.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – *c.j.s.*

Editorial Board members

Azer Aliyev – *PhD* (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – *c.j.s.* (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – *LLM* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Ishekov K.A. – *d.j.s.* (Moscow, Russian)
Kazbayeva A.G. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kairbaeva L.K. – *PhD* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – *LLM* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Konusova V.T. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Nurgazinov B. K. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Nurmagambetov R.G. – *PhD* (Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – *d.j.s.* (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – *c.j.s.* (Bishkek, Kyrgyzstan)
Fink D.A. – *c.j.s.* (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**

Layout – **Tasirova A.S.**
Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, tel.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial 11

Constitutional and Administrative Law

R.K.SARPEKOV Prospects for the constitutionalization of administrative justice in the EEU member states 13
L ZHANUZAKOVA, A. KARAEV Some development issues of constitutional law in the light of implementation of the Concept of legal policy in the Republic of Kazakhstan until 2030 22

Civil and Civil Procedure Law

A. KALDYBAYEV, G. OSPANOVA Consequences of breach of corporate contract 32

Criminal law and Criminal procedure

R.K.SARPEKOV, S.M. RAKHMETOV Problems of building a system of punishment in the Criminal code of the Republic of Kazakhstan 43
A.N. AKHPANOV, A.L. KHAN Bringing the accused to the court by the prosecutor and its status in the competence paradigm of the parties 51
A.B. BAISULTANOV Issues of qualification of evasion from serving a sentence of imprisonment 58
R.K. DZHIEMBAYEV, T.S. SALKEBAEV Organizational and legal aspects of state activities for the protection of public order in the Republic of Kazakhstan: opportunities and prospects 66
E. IGISSINOVA, ZH. DAVLETBAYEVA Developing an anti-corruption culture by promoting the ideology of integrity 76

International law and Comparative law

Z.Z. ZIYATOVA, E.N. KALIAKPEROVA Legislation of foreign countries on compensation of damage in criminal proceedings (legal analysis) 84

Legal monitoring

A.B. KAIZHAKPAROVA On the issue of improving the effectiveness of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of crime prevention 94
E.N. KALIAKPEROVA Monitoring of legislation on criminal offenses in the field of economic activity 103

From the lawmaking practice in the official language

N.A. NURBAYEVA Terminological issues in the Civil code of the Republic of Kazakhstan 110

CONTENT

Young researchers' tribune

A.R. KHASSENOVA To the question of the moment of the end of accepting a bribe.....	117
A.Y. RYZHANKOU (Mogilev, Belarus) Criminal-legal characteristics of the negligence of officials under the legislation of foreign countries.....	127
X.B. OLZHABAYEVA Some defects in the labor legislation of medical and pharmaceutical employees and methods to eliminate them.....	138

The archive pages of the «Bulletin»

Y.T. BAIMOLDINOVA Returning to the scientific article by N.M. Akimova «Some issues of legal monitoring of code «On people's health and the health system of the Republic of Kazakhstan»	146
--	-----

ӘОЖ: 81»373:347(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Нұрқыз Арысбекқызы Нұрбаева

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты
Лингвистика орталығының аға ғылыми қызметкері, филология магистрі;
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: nurkiz_82@mail.ru

Аннотация. Заң терминологиясы заң техникасы элементтерінің бірі және құқықтық актілер мәтінін сөзбен баяндау құралы болып табылады. Ол құқық қолдану практикасында да маңызды рөл атқарады.

Ғылымның интенсивті дамуы, жаңа технологиялардың әзірленуі кейбір терминдердің ескіруіне және қолданыстан шығып қалуына алып келеді. Ал жаңа терминдердің пайда болуы терминологиялық базаны жаңартуды, жаңасын қалыптастыруды және бекітуді қажет етеді. Жаңа терминнің кеңінен қолданыла бастауы және оны қолдану заңдылығының лингвистикалық тұрғыдан негізделуі терминді ауыстыруға негіз болып табылады. Осының бәрі 1990 жылдың басында қабылданған құқықтық актілердің мәтіндерінде байқалады.

Осы мақалада Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде жүргізілген іргелі-қолданбалы зерттеу нәтижелері қарастырылады. Терминологиялық баламаларға талдау жасалады. Мақалада заңнамалық актілер мәтіндерінде терминдерге қатысты жіберілген, жұртшылықты жаңылыстыруы және қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің түпнұсқалығын бұзуы мүмкін олқылықтарға нақты ғылыми негізделген дәлелдер келтіріледі. Осылайша мақалада «норма», «субсидиарная ответственность», «эпидемия», «эпизоотия» және т.б. терминдерге балама сөздерге ерекше назар аударылады.

Сонымен қатар автор аударма барысында жиі кездесетін лингвистикалық қателерді талдап, оларды жою бойынша ұсыныс береді. Мәтінде терминологиялық қателерден өзге басқа да қателердің барын негізге ала отырып, автор Азаматтық кодекстің қазақ тіліндегі қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету бөлігінде түзетулер енгізу мәселесін қарастыру, сондай-ақ терминдердің халықаралық практикада қолданылуын және ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия мақұлдаған терминдерді іріктеу қажет деп пайымдайды.

Түйін сөздер: заң терминологиясы, азаматтық құқық терминдері, терминдердің қолданылуы, заң тілінде кездесетін қателер.

ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ В ГРАЖДАНСКОМ КОДЕКСЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Нұрбаева Нуркиз Арысбековна

Старший научный сотрудник Центра лингвистики Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, магистр филологии;
г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: nurkiz_82@mail.ru

Аннотация. Юридическая терминология является одним из элементов юридической техники и средством словесного изложения текста правовых актов. Важную роль она играет и в правоприменительной практике.

Интенсивное развитие науки, разработка новых технологий приводят к тому, что некоторые термины устаревают и выходят из употребления. А появление новых терминов требует обновления, формирования и закрепления новой терминологической базы. Осно-

ванием для замены термина является широкое применение нового термина и лингвистическая обоснованность правомерности его применения. Все это проявляется в текстах правовых актов, которые были приняты в начале 1990-х годов.

В настоящей статье рассматриваются результаты фундаментально-прикладного исследования, проведенного в части аутентичности текстов Гражданского кодекса Республики Казахстан на казахском и русском языках. Дается анализ терминам, которые имеют альтернативное значение. Приводятся конкретные научно обоснованные доводы на допущенные пробелы касающихся терминов в законодательных актах, при использовании которых общественность можно ввести в заблуждение и нарушит аутентичность текстов на казахском и русском языках. Так, в статье особое внимание уделяется словам, равнозначным к терминам как «норма», «субсидиарная ответственность», «эпидемия», «эпизоотия» и др.

Автор также анализирует наиболее часто встречающиеся в процессе перевода лингвистические ошибки и предлагает пути по их устранению. Ссылаясь на наличие в тексте других, помимо терминологических ошибок, автор полагает необходимым рассмотреть вопрос внесения поправок в Гражданский кодекс в части обеспечения аутентичности текстов на казахском и русском языках, а также отбор терминов, одобренных Республиканской терминологической комиссией при Правительстве Республики Казахстан с учетом их применения в международной практике и национальных особенностей.

Ключевые слова: юридическая терминология, термины гражданского права, употребление терминов, ошибки, встречающиеся в языке закона.

TERMINOLOGICAL ISSUES IN THE CIVIL CODE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Nurbayeva Nurkiz Arysbekovna

Senior Researcher of the Linguistic Center of the Institute legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, Master of philology; Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan; e-mail: nurkiz_82@mail.ru

Abstract. Legal terminology is an element of legal technique and a means of presenting the text of legal acts verbally. It also plays an important role in law enforcement.

The intensive development of science, the development of new technologies lead to the fact that certain terms become obsolete and go out of use. As well as the emergence of new terms requires the updating, formation and consolidation of a new terminological framework. The reason for replacement of the term is the widespread use of the new term and the linguistic validity of the legitimacy of its use. All of this can be seen in the texts of the legal acts that were adopted at the beginning of the 1990s.

This article discusses the results of fundamental and applied research carried out into the authenticity of the texts of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan in Kazakh and Russian languages. The analysis is given of terms that have an alternative meaning. Specific evidence-based arguments are provided on the gaps in the terms of the legislation, the use of which can mislead the public and compromise the authenticity of the Kazakh and Russian texts. Thus, the article focuses on words equivalent to terms such as “norm”, “subsidiary responsibility”, “epidemic”, “epizootic” etc.

The author also analyses the most common linguistic errors that occur in the translation process and suggests ways of eliminating them. Referring to the presence in the text of other than terminological errors, the author considers it necessary to consider amendments to the Civil Code to ensure the authenticity of the texts in the Kazakh and Russian languages, and the selection of terms approved by the Republican Terminology Commission under the Government of the Republic of Kazakhstan taking into account their application in international practice and national peculiarities.

Keywords: legal terminology, civil law terms, use of terms, mistakes encountered in the language of the law.

Кіріспе

Құқық саласы – белгілі бір қоғамдық қатынастар түрін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Азаматтық құқық құқықтың бір саласы болып табылады. Ол латынның *jus civile* сөзінен шыққан, азаматтық құқық, Рим азаматтарының құқығы дегенді білдіреді. Сондықтан азаматтық құқық ғылымы цивилистика, ал осы саладағы мамандар цивилистер деп аталады. Азаматтық құқық жеке құқықтың негізін құрайды. Мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар азаматтық құқықтың нысанасы болып табылады.

Қазақстанның азаматтық құқығы бірнеше даму кезеңінен өтті. Республиканың ауқымды кодификацияланған актісі болып табылатын, тауар-ақша қатынастарын реттеудің: меншік нысандары теңдігінің және оған қол сұғылмаушылықтың, шарт еркіндігінің, азаматтық айналым субъектілерінің теңдігі тәрізді негізгі қағидаттарды қалаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданып, 1995 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енді. Тәуелсіз Қазақстанның ең маңызды және іргелі заңдарының бірі, негізгі нарықтық шаруашылық болып табылатын тауар-ақша қатынастарын реттейтін Азаматтық кодекстің негізінде нарықтық экономиканы дамытуға жағдайлар жасайтын заңдардың пакеті қалыптастырылды. Осылайша қазіргі қолданыстағы заңнаманың ажырамас бөлігіне айналған заң терминологиясы да толығы бастады.

Құқықтың кез келген саласындағы терминдер кәсіби тұрғыдан пікір тудырып, мәселенің өзектілігіне қарай қайта қаралып, талқылау, зерделеу процесінен, қалыптасу және жетілдірілу кезеңінен өтетіні белгілі. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің терминологиясы да аталған процестерден тыс қалмай, осы уақытқа дейін ғылыми мақалалардың жазылуына, зерттеулердің жүргізілуіне түрткі болып келеді. Бұған дейін Азаматтық кодекстің қазақ тіліндегі нұсқасы бірнеше мақалаға арқау болса, бүгінде ғылыми зерттеу жұмыстарының объектісіне айналып отыр. Мысал ретінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Лингвистика орталығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің

мәтіндік теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша жүргізген, «азаматтық құқық» саласындағы кейбір проблемалы терминдерге талдау жасаған іргелі-қолданбалы ғылыми зерттеу жұмысын атап өтуге болады.

Әдістер мен материалдар

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім)¹ (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) терминдердің қолданылуы бойынша ғылыми зерделеу жүргізу барысында шолу, лингвистикалық талдау және салыстыру сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Терминдер мен сөз тіркестерінің аудармасын жетілдіру үшін сөздіктерге салыстырмалы түрде зерделеу жүргізілді. Кейбір терминдердің мағынасына анықтама беріліп, олардың дефинициясын ашатын нұсқаларға мысалдар келтірілді.

Негізгі бөлім**Нәтижелер мен талқылау**

Тілімізде жаңа ұғымдар мен атаулардың пайда болуы ғылым мен техника саласының дамуымен, ондағы жаңа дүниелермен тығыз байланысты екені белгілі. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары қазақ терминологияның жаңа бір даму кезеңі десе болады. Өйткені қоғамдағы өзгерістер, саяси әлеуметтік және экономикалық қатынастардың жаңа жүйеге ауысуы тілімізде жаңа терминдер мен атаулардың пайда болуына ықпал етті. Қазақ терминжасам ісі ұлт тілі негізінде жүргізіліп, тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерді терминдер шығармашылығында кеңінен пайдалану процесі байқалды.

Азаматтық кодекске зерделеу жұмысын бастамас бұрын, сол жылдары қабылданған бұл кодекс қалай әзірленді, оның терминологиясы қалай қалыптасты деген сұрақ қызықтырып, материалдар іздестіру барысында Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор М. Сүлейменовтің «Как создавался гражданский кодекс Республики Казахстан» деген мақаласын көзіміз шалып қалды.

Ғалым аталған мақаласында былай дейді: «АК екі кезеңде: Жалпы бөлім – 1994 ж. 27 желтоқсанда, Ерекше бөлім – 1999 ж. 1 шілдеде қабылданды. Жалпы бөлім ең маңыздысы болды: оған жалпы қағидатты

¹ 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_\(қаралған күні: 15.12.2021 ж.\)// 224-318-бантар](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_(қаралған күні: 15.12.2021 ж.)// 224-318-бантар)

және революциялық ережелер енгізілді. АҚ (Жалпы бөлім) жобасы Парламентте бір аптадан аса, бір баптан соң бір бап талқыланды. Ұзын бойлы, арық, ҚР Әділет министрі Нағашыбай Шакенов апта бойы трибунадан түспей, бағана сияқты тұрды. Біз әзірлеушілер ретінде бірінші қатарда отырдық, Шайкенов депутаттардың сұрақтарына жауап беруге қиналғанда немесе тұшымды жауап алғысы келгенде, ол бізге жауап беруге өтініш жасап тұрды, сөйтіп топ мүшелерінің бірі сұраққа жауап беріп отырды.

Есімде, «сервитут» дегеніміз не деген сұрақ қойылды, оған Ольга Ченцова жауап бере бастады. Ол толқыған кезде кейде қызарып кететін. Азды-көпті түсінікті етіп жауап бергені сол, отырысты жүргізіп отырған Парламенттің вице-спикері М.Т. Оспанов: «Жалпы, бұл әдепті сөз бе?», - деді. Оля: «толықтай әдепті сөз», - деді. Сонда ол: «онда жарайды, қабылдаймыз», - деді.» [1].

Бұл мақаладан Азаматтық кодексті қабылдау барысында орыс тіліндегі кейбір терминдердің өзі түсініксіз болып, біраз сұрақ туындағанын байқауға болады. Ал сол Кодексте реттелетін тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар бойынша терминдерді қазақ тілінде беру, жаңа терминдерге балама табу Азаматтық кодекс жобасының қазақ тіліндегі мәтінімен жұмыс істеген мамандарға да оңай болмағаны, аудармашылар Қазақстанның азаматтық құқық нормаларын неғұрлым тиімді тәсілмен беруге тырысып, еңбектенгені анық. Дегенмен тіліміздің табиғатына сәйкес келетін тиісті терминологияны іздеуде жіберілген кемшіліктерді және құқықтық акті нормасын екіұшты қабылдауға, заң тілінің бұзылуына әкеп соқтыратын қателерді Азаматтық кодекс мәтінінен көптеп кездестіруге болады. Солардың бірқатарына тоқтала кетейік.

Мәселен, Азаматтық кодекстің (Жалпы бөлім) 230, 382 және 383-баптарында «норма» термині «қалып», ал 267-бапта «нормативный акт» деген тіркес «қалыпты акт» деп берілген. Бұл тұста қазақ тіліндегі мәтінмен жұмыс істеген мамандар «нормативный» сөзін «нормальный» сөзімен шатастырып алды ма деген ой туады. Алайда аталған терминдердің қазақ тілінде қалыптасуын зерделей келе, ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы «норма» терминін «норма, қа-

лып» деп мақұлдағанын, сол жылдары кейбір заңнамалық актілерде «қалып» деген нұсқа қолданылғанын көреміз.

Осы орайда айта кететін жайт, терминология тұрақтанып, өзгерместей қатып қалатын сала емес. Термин шығармашылығы – жанды процесс. Адам қызметінің әртүрлі саласындағы үдеріс терминологияның үздіксіз өзгеруі мен дамуын білдіреді. Бұл даму динамикалық семантикалық процестермен бірге жүреді. Терминология жаңа терминдерді қалыптастыру, қолданыстағы терминдерді сапалық жағынан өзгерту арқылы дамиды. Яғни кейбір терминдер ұғымды толық қамти алмайтындықтан қолданыстан шығып қалады, олардың орнына жаңа терминдер қолданылады.

Осылайша Азаматтық кодексте пайдаланылған, қазіргі уақытта заңнамалық актілерде «норма» терминінің баламасы ретінде қолданылмайтын «қалып» нұсқасы жоғарыда аталған процестің салдары деуге болады.

Сондай-ақ жоғарыда аталған 267-баптың «Меншік иесінің құқықтарын және басқа заттық құқықтарды бұзатын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар құжаттарының жарамсыздығы» деген тақырыбына назар аударайық. Мұнда мемлекеттер органдар мен лауазымды адамдардың қандай құжаттарының жарамсыздығы туралы сөз болып отырғанын бір оқығаннан түсіну қиын. Өйткені «құжат» ұғымының ауқымы кең, ол қандай да бір фактіні немесе бір нәрсеге құқықты растайтын іскерлік қағазды немесе құжат көрсетушінің жеке басын ресми куәландыратын қағазды не бір нәрсе туралы жазбаша айғақты білдіреді. Енді осы баптың орыс тіліндегі нұсқасына қарайтын болсақ, онда «Недействительность актов государственных органов и должностных лиц, нарушающих права собственника и другие вещные права» делінген. Көріп отырғанымыздай, ресми құжат ретінде түсінілетін «акт» деген термин қазақ тіліндегі мәтінде «құжат» деп аударылып, терминінің баламасы дұрыс берілмеген.

Сонымен қатар азаматтық құқық санаты болып табылатын «субсидиарная ответственность» деген тіркес 104-баптың төртінші бөлігінде «жәрдем беру жауаптылығы», 44 және 207-бапта «субсидиарлық жауаптылық», 357-бапта «субсидиялық жауапкершілік» деп берілген.

Жалпы «субсидиарная ответственность» термині *subsidiarius* деген латын сөзінен шыққан, «резервтік» немесе «қосымша» деп аударылады. Бұл негізгі және қосымша

борышкерлер болатынын білдіреді. Бизнесе ұйым – негізгі борышкер, құрылтайшылар мен директор бірінші кезекте қосымша борышкерлер болып саналады. Өнім берушілер немесе сатып алушылар, банктер, бюджет, компания қызметкерлері кредиторлар болып есептеледі. Кредитор әуелі қаражатты негізгі борышкерден өндіріп алуға тырысады, ол болмаған жағдайда қосымша борышкерге талап қояды².

Азаматтық кодексте негізгі борышқор несие берушінің талабын қанағаттандырудан бас тартса, не оны толық орындамаса немесе несие беруші одан қойылған талапқа ақылға қонымды мерзімде жауап алмаса, қосымша борышкердің жәбірленуші алдындағы жауапкершілігі субсидиарлық жауапкершілік деп түсініледі.

Ал «субсидия» дегеніміз (лат. *Subsidium* – көмек) заң актілерімен белгіленген мақсаттар үшін коммерциялық ұйымдарға бюджеттен бөлінетін тегін және қайтарымызсыз төлемдер; демеуқаржы [2; 328].

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, орыс тіліне кірме сөз болып енген «субсидиарный» сөзі «субсидия» сөзінен туындамаған, мәтінде қолданылған «субсидиялық» және «субсидиарлық» сөздері бір мағына бермейді деп пайымдаймыз.

«Жәрдем беру» деген тіркес ешқандай жауапкершіліксіз демеу, қолғабыс ету мағынасын береді. Заң мәтінде әрбір фраза, әрбір тіркес, әрбір сөйлем әртүрлі оқу мүмкіндігін болдырмайтын абсолютті айқындылықпен берілуге және заңда оның әртүрлі қабылдануына жол берілмеуге тиіс деген заң тіліне қойылатын талаптарды ескеретін болсақ, нормада қолданылған «жәрдем беру жауаптылығы» деген тіркес аталған ұғымға мүлде балама бола алмайды.

Бұған қоса Азаматтық кодекс мәтінінен заң тіліне қойылатын талаптардың сақталмауына қатысты қателерді кездестіруге болады. Мысалы, 224, 255-баптарда нормативтік нұсқа болып табылмайтын «қора-қопсы» деген қос сөз қолданылған. Бұл ретте мына жайтты ескеру керек: заң тілі жалпыға бірдей танылған күнделікті тілден біршама ерекшеленеді, классикалық әдеби тілге кішкене ұқсайды. Заң қарапайым адамдарға

түсінікті тілмен жазылуға тиіс екеніне қарамастан, заңнама жүйесін жасау барысында заң тілінің айрықша сипатын білдіретін арнайы терминдер жүйесі қолданылады.

Сондай-ақ ресми мақұлданған терминдерді қолдану заң тілінің мәдениетін білдіреді. Заң мәтінде жаргон сөздерді, кәсіптік сөз, диалект сөз сияқты сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға жол берілмейді. Мұндай бұзушылық заңнама беделіне, құқықтық санаға теріс әсер етеді және заңнаманы реттеу мүмкіндіктерін айтарлықтай төмендетеді. Алайда Азаматтық кодекстің 159-бабында осы талап ескерілмей, эмоционалды-экспрессивтік бояуы бар, ауызекі сөйлеу тілі болып табылатын «есуастық» деген сөз қолданылып, өрескел қатеге жол берілген.

Жоғарыда аталғандардан басқа, Азаматтық кодекстегі кемшіліктердің бірі ретінде норманы әртүрлі түсінуге және қолдануға алып келетін түрлі логикалық және мағыналық қателерді атауға болады. Мәселен, «Реквизициялау» деген 253-баптың бірінші бөлігінде «а случае стихийных бедствий, аварий, эпидемий, эпизоотий, в период действия военного положения» деген тіркес «дүлей апаттар, авариялар, жұқпалы аурулар, індеттер, соғыс жағдайындағы іс-қимыл кезеңінде» деп аударылған. Мұнда «эпидемия», «эпизоотия» деген халықаралық терминдер тиісінше «жұқпалы ауру», «індет» деп алынған.

Аталған терминдерге қолданыстағы заңнамада, атап айтқанда «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 360-VI ҚРЗ Кодексінде³ «эпидемия – сырқаттанушылықтың әдетте тіркелетін деңгейінен инфекциялық аурудың айтарлықтай асып түсетін жаппай таралуы», «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 339 Заңында⁴ «эпизоотия – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жануарлардың аса қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларының жаппай таралуы» деп анықталма беріледі.

«Негізінен адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің жұқпалы аурулары биологи-

² *Субсидиарная ответственность: чем финансовые проблемы компании грозят собственникам и руководству.* <https://siab.ru/blog/subsidiarnaya-otvetstvennost-chem-finansovyye-problemyi-kompanii-grozyat-sobstvennikam-i-rukovodstvu/> (қаралған күні: 08.01.2022 ж.).

³ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 360-VI ҚРЗ Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> (қаралған күні: 10.01.2022 ж.).

⁴ «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының N 339 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000339_ (қаралған күні: 10.01.2022 ж.).

ялық төтенше жағдайлардың көзі болып табылады. Жұқпалы аурулар барлық басқа аурулардан ерекшеленеді, өйткені оларды тірі қоздырғыштар тудырады. Жұқпалы процестен айырмашылығы, макроорганизмдердің әр қауымдастығында аурудың даму процесінің өз атауы бар: эпидемиялық ауру – адамдар ортасында, эпизоотиялық ауру – жануарлар арасында (грек. zoon – жануар), эпифитотикалық ауру – өсімдіктер әлемінде (грек. phyton – өсімдік) болады.» [3; 6].

Бұған қоса ғылымда «пандемия» деген де ұғым бар. Халық адам баласына келетін жұқпалы дерт, кеселді «індет» деп айта бергенімен, бұл ұғымдардың айырмашылығы бар. Мәселен, эпидемия уақыт пен кеңістікте таралатын инфекциялық ауруды білдіреді, бұл жағдайда сырқаттанғандардың саны нақты аумақ – елді мекен, өңір, мемлекет үшін белгіленген нормадан едәуір асып түседі. Әртүрлі елдерде бір уақытта таралған кезде мемлекеттер мен бүкіл континентке қатысты үлкен және қауіпті эпидемия – пандемия деп аталады. Ғылымда бұрын-соңды болмаған, адамнан-адамға тез жұғатын жаңа штамм оның басты себебі болып табылады. Маусымдық күрт көбею жағдайында бұл эпидемия болып табылады, өйткені ауруды бұрыннан бар және белгілі патогендер тудырады. Пандемия үлкен көлемде таралып, өлім санының көп болуымен және басқа да проблемалармен, мысалы, әлеуметтік проблемалар, экономиканың әлсіреуі сияқты басқа да ілесіп жүретін проблемалармен және т.б. сипатталады.

Бұл ғылыми ұғымдар айқын болуы, оның мағыналық шегін дәл көрсету үшін құқықтық нормада аудармай қолданған жөн. Қазақ тілінде «эпидемия» терминін «жұқпалы ауру», «эпизоопия» терминін «індет» деп қолдану терминдерді қабылдауда жаңылыс тудырады, сондай-ақ норманың мағынасын дәл бере алмайды.

Аталған терминологиялық мәселелермен қатар, Азаматтық кодекстің мәтінде бірізділіктің сақталмауына қатысты қателерді де көптеп кездестіруге болады. «Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ тіліндегі нұсқасына зер сала оқысақ, онда сөздердің қазіргі жазылу емлесін ескермеу, құқықтық мағынасынан гөрі көркем әдебиеттік сипаты басым сөздерді қолдану, стильдік үйлесімділіктің болмауы орын алған. ҚР Азаматтық кодексінің ерекше бөлімінде «интеллектуальная собственность» термині үш түрлі аударылған: «интеллектуалдық меншік», «санаткерлік меншік», «зияткерлік

меншік» – бұл орысша мәтіндегі бір сөздің екі, үш сөзбен аударылуы» [4; 113].

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген мысалдарды негізге ала отырып, Азаматтық кодекстің мәтіндегі терминологиялық мәселелерді былайша топтастыруға болады:

– екі-үш нұсқада қолданылған, синоним терминдер, яғни терминдердің бірмағыналылығына қатысты талаптың сақталмауы. Арнаулы салада синоним терминдерді қолдану терминологияның кемшіліктерінің бірі болып табылады. Өйткені ол құқық қолданушыны жаңылыстыруы, тіпті норманың бұрмалануына алып келуі мүмкін;

– эмоционалды-экспрессивтік бояуы бар сөздердің болуы. «Жалпы ғылым тілі бейнелілікті, образдылықты емес, әр ұғымды өз атымен атауды қажет ететін дәлдікті, нақтылықты қалайды. Сол себептен де ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің эмоционалды тұрғыдан бейтараптық танытып, оларға экспрессияның тән болмауы талап етіледі.» [5;45]. Терминде эмоционалдықтың болмауы терминге қойылатын талаптардың бірі болып табылады;

– ұғымды дәл бере алмайтын терминдер. Терминнің уәжділігіне қатысты талаптың сақталмауы да мәтінде орын алған. Бұл ретте терминнің анықтамасы айқын, мағынасы дәл берілуі қажет екенін ескеру қажет.

Түптеп келгенде, Азаматтық кодексте кейбір терминдердің дұрыс қолданылмауы немесе оларды қолдану барысында бірізділік қағидатының сақталмауы қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүп-нұсқалылығының бұзылуына алып келеді. Бүгінгі күнге дейін Азаматтық кодекске 100-ден астам өзгерістің енгізілуі, әрбір өзгеріс енгізілген кезде лингвистикалық тұрғыдан жетілдіріліп отыратындығына қарамастан, негізгі мәтінде терминдердің түрлі нұсқада кездесуі оның терминологиясындағы кемшіліктерді, мәтіндегі басқа да тілдік, стильдік қателерді түпкілікті жоя алмайды. Сондықтан Азаматтық кодекстің мәтінде қолданылған кейбір терминдер құқықтық актіде баяндалатын норманы дәл бере алмайтындықтан түзетуді, ал ұлттық заңнама жүйесі терминдерді біріздендіруді қажет етеді. «Негізінен біріздендіру ұғымы көпшіліктен, яғни синонимдерден арылып, мағыналық біркелкілікке қол жеткізу, көпмағыналылық пен семантикалық омонимдерді жою, ұғымдар жүйесі мен терминжүйе арасындағы бірізділікке қол жеткізу дегенді

білдіреді [5; 27]. Бірнеше сатыдан тұратын осы ауқымды да күрделі жұмыс азаматтық құқық саласында ғана емес, жалпы заңнама саласы бойынша да жүргізілуі қажет.

Заңнамадағы терминологияны тиісінше пысықтау және зерделеу оны тиімді қолданудың негізгі алғышарттарының бірі болып табылады. Әрбір заң терминін сауатты және негізді қолдану құқықтық нормаларды дұрыс пайдалануға жағдайлар жасай отырып, заң шығарушының ойын тұрастай және анық қабылдауға ықпал етеді. Сондықтан мәтіндегі терминологиялық және өзге де қателерді жою, қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің бірізділігін қамтамасыз ету мәселесін басты назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының құқықтық са-

ясат тұжырымдамасында Азаматтық кодекстің қазақ тіліндегі қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету бөлігінде түзетулер енгізу мәселесін қарастыру қажет деп ойлаймыз. Олай болмаған жағдайда Азаматтық кодекстің реттеуші құрал ретінде жалпы бағалануына теріс әсер ететін болады.

Бұған қоса Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған салалық және салааралық терминдер жан-жақты қайта зерделенуі, уақыт елегінен өткен және тиісті мағына бере алатын терминдер ғана іріктеліп алынуы керек деп пайымдаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. М. Сулейменов. Как создавался Гражданский кодекс Республики Казахстан. <https://journal.zakon.kz/4468365-kak-sozdavalsja-grazhdanskijj-kodeks.html>. (қаралған күні: 27.12.2021 ж.).
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст. А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. - Алматы, 2011. 13-том. – С-Т. – 752 б.
3. Миннахметова Л.Т., Миннахметов Р.Р., Мисбахов А.А., Ситдикова А.А. Биологические чрезвычайные ситуации: Учебное пособие / Казань: «Вестфалика», 2013, - 123 с.
4. Р.А.Токатов, Н.К. Оралбаев. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіндегі заң техникасы ережелерінің сақталуы туралы. Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. № 2 (102)/2021. – 119 б.
5. Шерубай Құрманбайұлы. Терминологияны біріздендірудің ғылыми-әдістемелік негіздері. Ғылыми-әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан: Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, 2020. — 87 б.

REFERENCES

1. M. Süleimenov. Kak sozdavalsja grajdanski kodeks Respyblyki Kazahstan. <https://journal.zakon.kz/4468365-kak-sozdavalsja-grazhdanskijj-kodeks.html>. (qaralğan kúni: 27.12.2021 j.).
2. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. On bes tomdyq. 13-tom / Qurast. A. Fazyłjanova, N. Ońgarbaeva, Q. Gabithanuly jáne t.b. - Almaty, 2011. 13-tom. – S-T. – 752 b.
3. Minnahmetova L.T., Minnahmetov R.R., Misbahov A.A., Sitdikova A.A. Biologicheskie chrezvychajnye sitýasii: Ýchebnoe posobie / Kazan: «Vestfalika», 2013, - 123 s.
4. R.A.Tokatov, N.K. Oralbaev. Qazaqstan Respyblikasy Azamattyq kodeksindegi zań tehnikasy erejeleriniń saqtalýy týraly. Qaraǵandy ýniversitetiniń habarshysy. Quqyq seriasy. № 2 (102)/2021. – 119 b.
5. Sherybai Qurmanbauuly. Terminologiany birizdendirýdiń ǵylymi-ádistemelik negizderi. Ǵylymi-ádistemelik qural. – Nur-Sultan: Shaisultan Shaahmetov atyndaǵy «Til-Qazyna» ulttyq ǵylymi-praktikalýq ortalyǵy, 2020. –87 b.